

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Абай облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 27 қазандағы № 594 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 9) тармақшасына, 27-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота, ұйым жұмысшыларының тізімдік санынан бір пайыз мөлшерде қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аягөз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 989 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданының әкімінің орынбасары М.Татеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аягөз ауданының әкімі*

*С. Ысқақов*

Аягөз ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "27" қазан  
№ 594 қаулысына  
қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар**

**қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі**

№р/с	Ұйымның атауы	Жұмысшылар саны	Квота мөлшері (% ұ й ы м жұмысшыларының тізімдік санынан)	Ж ұ м ы с орындарының саны, адамдар
1	"Қазығұл" мекемесі	138	1	1
2	"Аягөз Су" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	75	1	1
3	"Су" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	49	1	1
4	"Alina GM" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	95	1	1
Барлығы		357	1	4